# Қашықтықтан оқыту - оңтайлы жүйе

**Әлемді әбігерге салған пандемия адамзаттың жұмыс режимін түбегейлі өзгертіп, жаңа технологияны игерудің маңыздылығы мен тиімділігін дәлелдегендей. Себебі тікелей қарым-қатынас жасау мүмкіндігі болмаған қазіргідей төтенше жағдайда білім мен біліктілікті жетілдірудің жолы – қашықтықтан оқу.**



М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжнің студенттері де үйде отырып онлайн режимде білім алуда жалғастырып, арнайы ұйымдастырылған байқауларда белсенділік танытты. Тіпті талапкерлердің ата-аналары да Абайдың 175 жылдығына арналған челленджге қолдау білдіріп, әлеуметтік желілерде кеңінен таратты.

Қазіргі таңда аталмыш колледжде қашықтан оқыту технологиясы жұмыстары бірізді жүйеге түскен. Онлайн режимнің алғашқы аптасында what's app, Zoom секілді желілер арқылы студенттермен байланыс орнатса, бүгінде толықтай college.snation.kz ресурсы арқылы оқытуға көшкен. Сабақ мазмұнын оқытушылар бейнежазба арқылы алдын-ала колледждің YouTube каналына жүктеп, тапсырмаларды college.snation.kz-ке салып, бағалауда. Студенттердің қосымша сұрақтары бойынша what's app желісін пайдалануда. Одан бөлек, оқытушылар арасында тәжірибе алмасу мен күнделікті сабақтардың мониторингтерін талқылау, сонымен қоса college.snation.kz базасына енгізілген, өзгерістермен оқытушыларды уақытында хабардар етіп, түсіндіру мақсаттарында Zoom арқылы вебинарлар үздіксіз ұйымдастырылып жатыр.

Қазіргі таңда тәуліктің кез-келген уақытында қызығушылық пен ізденістің нәтижесінде жаңа білім көкжиегін арттырудың мүмкіншілігі мол. Осының нәтижесінде жаңашылдыққа құмар жастарымыз бірнеше мамандықты игеріп, жаңа кәсіп меңгерушілер қатары көбейіп келеді. Ал ойы ұшқыр, сапалы бәсекелестікке қауқарлы азаматтар кез-келген елдің жарқын болашағына баланары анық. Тіпті қашықтықтан білім алып, нәтижесінде қарым-қабілетін табыс көзіне айналдырып отырғандар көп. Жаңа технологияның тілін жақсы біліп, қыр-сырын меңгергендер үшін оңай әрі оңтайлы табысты еселеу мүмкіндігі мол.

Білім алушы қашықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады және ақпараттық жүйені пайдалану мүмкіндігі артады. Мысалы керекті әдебиеттер мен оқу кітаптарын іздеу, бақылау және тестік тапсырмаларды орындау, лабороториялық жұмыстар, дайын баяндамалар, қашықтан олимпиадаға қатысу оқушының шығармашылық потенциалының дамуына әсер етеді. Қашықтан оқыту мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді.

Яғни қашықтықтан оқытудың оңтайлы жүйе екені төтенше жағдай кезеңінде кезекті рет дәлелденіп, білім алудың дәл осы форматы өз өміршеңдігін жалғай бермек.

**Р.АЛМЕНОВА,**
**М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінің оқытушысы.**